



010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ _____

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына**

2022 жылғы 12 мамырдағы №ДС-175 депутаттық сауалға

Құрметті депутаттар!

Қазақстан Республикасының Үкіметі жаңадан құрылған облыстарды әлеуметтік-экономикалық дамыту жөнінде шаралар қабылдауға қатысты депутаттық сауалды қарап, мынаны хабарлайды.

Ірі кәсіпкерлерді, инвесторларды тартып, жаңадан құрылған Абай, Ұлытау, Жетісу облыстарын қолдау мақсатында барлық облыстар бірігіп меморандум жасау бойынша

Абай, Ұлытау, Жетісу облыстарын құру іс-шаралары (шекараларды түпкілікті бекіту, орталық атқарушы органдардың аумақтық бөлімшелерін құру, орталық және жергілікті атқарушы органдардың штат санын белгілеу, әкімдіктер құрылымына кіретін мемлекеттік органдарды құру және т.б.) толық аяқталғаннан кейін мүдделі мемлекеттік органдармен осы өңірлердің проблемалық және басым салалары анықталатын болады.

Қазіргі уақытта жаңа әкімшілік-аумақтық бірліктердегі халықтың саны, инженерлік, әлеуметтік және көлік инфрақұрылымының жай-күйі, көші-қон үрдістері, инвестициялық әлеует және басқа өлшемшарттарды ескере отырып, бюджет қаражатын бөлу бойынша қажетті есептеулер жүргізілуде.

Жоғарыда аталған жұмыстар нәтижесі бойынша өңірлер арасында меморандумдар жасау мәселесі мүдделі жергілікті атқарушы органдармен қаралатын болады.

Бұл ретте жергілікті атқарушы органдар осы мәселеге қолдау білдіріп отырғанын атап өткен жөн.

Бұған қоса қазіргі уақытта өңірлерді әртүрлі мемлекеттік қолдаудың бағдарламалық құжаттар шеңберіндегі шаралары жаңадан құрылған өңірлерге де қолданылатын болады.

Абай, Ұлытау, Жетісу облыстарында ақсақалдар алқасын құру бойынша
Қазіргі уақытта қолданыстағы заңнамаға сәйкес ақсақалдар алқасын құру бойынша құқықтық шектеулер байқалмайды.

Бұл ретте Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 106-бабына сәйкес қоғамдық бірлестіктер болып, егер заңдармен өзгеше көзделмесе, саяси партиялар, кәсіптік одақтар және азаматтардың өздерінің ортақ мақсаттарына жету үшін ерікті негізде құрған, заңдарға қайшы келмейтін басқа да бірлестіктер танылады.

Осыған сәйкес жаңадан құрылған өңірлердің күрделі мәселелерін шешу мақсатында құрамына жанашыр азаматтар енетін ақсақалдар алқасын құруға болатынын атап өткен жөн.

Сонымен қатар құрылып отырған облыстардың әкімдіктеріне Түркістан облысында орын алған тәжірибені қолдану бойынша ұсынымдар жолданатын болады.

Абай, Ұлытау, Жетісу облыстары бойынша ұзақ мерзімді дамыту шараларын әзірлеу бойынша

Жаңа өңірлерді құру жұмыстары толық аяқталғаннан кейін осы облыстарды әлеуметтік-экономикалық дамытудың 2022-2026 жылдарға арналған жоспарлары әзірленіп, қабылданатын болады.

Ә. Смайылов

*Орынд.: Д.М. Тулеуов
74-55-01
Tuleuov_DM@ukimet.kz*